

Маңғыстау облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2026 жылғы 10 наурыздағы № 26/310 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағының 4-6) тармақшасына сәйкес, Маңғыстау облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Маңғыстау облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшерлемелері белгіленсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат төрағасы Ж. Матаев

Маңғыстау облыстық мәслихатының
2026 жылғы "10" наурыздағы
№ 26/310 шешіміне қосымша

Маңғыстау облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшерлемелері

№	Қалалар және елді мекендердің санаты	Жалдау ақысының мөлшерлемелері 1 шаршы метрге айлық есептік көрсеткіштерінде (ай сайын)		
		Қала құрылысы және сәулет ескерткіштері	Археология ескерткіштері, ансамбльдер мен кешендер, киелі объектілер	Монументтік өнер құрылыстары
1.	облыстық маңызы бар қалалар *	0,8	0,6	1,0
2.	аудандық маңызы бар қалалар *	0,6	0,4	0,8
3.	кенттер*	0,4	0,4	0,6
4.	ауыл*	0,2	0,2	0,4

Ескерту:

Мемлекеттік меншіктегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының мөлшерлемелері жалға алу ақысының мөлшерлемелерін жалға алынатын алаңның шаршы метрдегі көлеміне көбейту жолымен шығарылады.

Жалға алу ақысының мөлшерлемелері "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сай қалалар мен елді мекендердің санаттарын ескере отырып анықталады.

Облыстық маңызы бар қалалар* - ірі экономикалық және мәдени орталықтар болып табылатын, дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар және халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекендер;

аудандық маңызы бар қалалар* - аумағында өнеркәсіптік кәсіпорындар, коммуналдық шаруашылық, мемлекеттік тұрғын үй қоры, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының, мәдени-ағарту және сауда объектілерінің дамыған желісі бар, халқының саны кемінде 10 мың адам болатын елді мекендер;

кенттер* - халқының саны кемінде 3 мың адам болатын елді мекендер.

Халық саны кемінде 2 мың болатын, жыл сайын емделу және демалу үшін келетіндердің саны кемінде олардың жартысын құрайтын, емдік маңызы бар жерлерде орналасқан елді мекендер де кенттерге теңестіріледі. Оларға азаматтардың жазғы демалыс орындары болып табылатын, ересек халықтың кемінде 25 пайызы ауыл шаруашылығымен тұрақты түрде айналысатын саяжай кенттері де жатады;

ауылдар* – халқының саны кемінде 50 адам болатын елді мекендер.